



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

- деп түйін жасайды. Ақынның «Ғайсадай жан беретін таңның желі», «Дүние мен өмір» өлеңдерінде дүниенің өзіндік ерекшеліктері, адам дүниетанымының өзіндік даралығы көрінеді.

Ғайсадай жан беретін таңның желі,
Қайғымды желге ұшырып, тірілт мені!

Ақылым кәрілікке жабырқама,
Талпынып тағы да ақтар дүниені,

– дейді ол. Бұл өлеңінде өзінің өмірге деген пікірін, көзқарасын айналадағы ортамен, табиғатпен байланыстыра отырып суреттейді. Таңғы желге қайғысын жоғалтуды, ақылына кәрілікке жабырқамауды, қайратына әр нәрсеге қарсы тұруды, тіліне барша жанға пайдалыны айтуды тапсыра отырып, ақын заманға үн қатады.

Не үкімет, немесе қауымды алдап,

Арсыздықпен не болар алған шені?! –

деп аяқтай келіп, қоғамға да, адамға да қажетті сауалды жолдай келіп, заманындағы кулық сұмдық, бетперделік көріністерді жария етіп, оны шешудің жолы – адамгершілік пен әділеттілікте деп меңзейді.

Иә, қорыта келгенде ақын өлеңдерінің басым көпшілігі рухани адамгершілік қағидаларға толы десек артық айтпаған болар едім Шәкәрім мұрасы жан-жақты зерделеуді тілейтін асылдарымыздың санатында. Адамгершіліктің ақ туын жоғары ұстаған Шәкәрім атамның тәлім – тәрбиесінің, ұстаған қағидаларының жас ұрпаққа берері мол. Сонау атадан келе жатқан ұлттық құндылығымыз рухани – адамгершілік байлығымыз. Міне, осы сипаттың бәрін өмірдегі шынайы бейнесі, жан дүниесі, кеудесі шалқақ, асқақ пенде, мейірімді, әділ, адамгершілігі мол жас ұрпақтың бойында қалыптасқанын тілеген Шәкәрім өлеңдерінің тұнығы - рухани тәрбие.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары өлең, дастандар, қара сөздері. Алматы: 2008
2. Шәкәрім «Жолсыз жаза» Өлеңдер мен поэмалары Алматы; 1988 ж
3. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Мұсылмандық шарты» Алматы; 1993 ж

ӘОЖ 81'354

М.ӘУЕЗОВ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІС

Сәдуақасова Айжан Арланқызы

Sadvakasova_Aizhan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті

«5В020500»-Филология: қазақ филологиясы мамандығының студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- А.Ә.Үсен ф.ғ.д., профессор.

Қазақ халқы-өзіндік өшпес орны бар таланттарға бай халық. Соның бірі-аса дарынды, бойында шалқыған шабыты бар тұлға- М.Әуезов. Ол өз шығармаларында замананың келбетін, ащы шындығын сипаттайды. Суреткер шығармаларындағы ең негізгі тақырып – қорғансыздар. Байырғы қазақ аулындағы әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік, озбырлық, отаршылдық, жалпы айтқанда қорғансыздар күні жазушы шығармаларының өзекті мәселесі. М.Әуезовтің шығармалары, әсіресе әңгімелері әлі күнге дейін маңызын жоймаған ерекше туындылар.

Жазушының әңгімелері терең психологизмге құрылған. Әңгімелердегі психологизмді

талдау бұрын, психологизмнің анықтамасына тоқталайық. Ғалым Б.Майтанов психологизмге: «Қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық шығармашылық феномені», -деп анықтама береді.[1]

Көркем шығармадағы басты нысана адам болғандықтан, оның ішкі,сыртқы болмысы шынайылықпен сомдалуы тиіс, адам жанын жандырудың басты тәсілі психологизмнің осы тұрғыда алатын орны ерекше.Қазақ әдебиетіндегі тұлға мәселесін психологизм тұрғысында айтқан А.Иезуитов: «Біріншіден, психологизм-сөз өнерінің тектік белгісі, ажырамас қасиеті, көркемдік кепілі», -деп баса көрсеткен. Суреткер барлық күш-қайратын,шеберлігін бір ғана мақсатқа-адам жүрегінің сырын,адам жанының шындығын танытуға жұмылдырады.Психологизм жайында М.Әуезов: «Орыс жазушыларында анық сүйетінім:Толстой,Достоевский.Адам жанын соларша қойма ақтарғандай ақтармаған соң,жазушылықтың мәні де жоқ. Прозаға психология аралыспаса,өзгенің бәрі сылдыр су,жабайының тақ-тақ жолы»деген пікірі бар.[1]

Тегінде М.Әуезовтің суреткерлік шеберлігінің өзі осы адам жанын,табиғатын,психологиясын терең тануында жатса керек.Оны ұлы жазушының өзі былай деп түсіндіреді: «Тегі адам құр әрекет етпейді, ол белгілі бір байлау жасап, соның нәтижесінде мінез көрсетеді. Сол байлаудың жасалуын ішкі бір қажетті сырдан туатын бойлау екені бізден жасырын қалады.Ал,оқушыға ең керекті, ең қызықты жай-сол бүркемеде қалған жасырынның өзі емес пе?». Осыдан біз адамның ішкі өмірін, ойының күрделілігі мен тереңдігін кеңінен талдап жазу М.Әуезовтің шығармашылығына тән қасиет екенін байқаймыз.

Жазушының 1921 жылы жарық көрген «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесі сол уақыттағы қазақ ауылдарының ауыр халін, күйінішті күйін суреттейді.Сонымен қатар, тағдыр тауқыметін көрген ауылдағы қорғансыздар жайын ашына баяндайды. М.Әуезов әңгімесі бір үйдегі кәрі әже, соқыр әйел және жас қыз арқылы бізге қорғансыздар бейнесін көрсетеді.Шығармада Ғазизаның басынан ауыр жағдай өткендігі, Қалтай мен Ақанның қызға көрсеткен қорлығы баяндалады. Сондағы жас қыздың халін жазушы былай сипаттайды: «Ғазиза зорлықтан босанғанда есі ауыңқырап, көңіліне дүние дүниелігін жоғалтқандай, өзінен алыстап бара жатқандай болып көрінді.Бұл сезім-бұл уақытқа шейін көңіліне келмеген аса жат бір суық сезім.Биіктен тайғанап құлап келе жатқандағы сезімдей бір түрлі шолақ,ұғымсыз... Ғазизаның көңілінде қалған ойдың ең ақырғы бұйрығы: әкесі мен бауырының бейітіне барып, екеуінің арасында отырып зарлау!». Автор үйге келген қонақтардан қорлық көрген бейкүнә қыздың ауыр халін осылай жеткізеді және қыздың ойынша, бұдан құтылудың бір-ақ амалы бар дейді, қыз сол мұратына жетеді.Әңгіменің соңы зұлымдық, озбырлыққа шыдамай, боранда үсіп өлген қыздың тағдырымен аяқталады.

Автордың терең психологизмге толы әңгімесі-«Жетім» әңгімесі.Әңгіме кейіпкері он үш жасар бала Қасым тас жетім. Ол айналасы екі- үш жылдың ішінде бар жақынынан, әкешесінен, ата-әжесінен де айрылды. Дүниеде жалғыздықтан артық қасірет,сірә,жоқ шығар. Қаршадай Қасым сол қасіретті жұтып,жалғыз қалды.Жас баланың жалғыз жанашыры әжесінен айрылғандағы зары:"... - Әжетай, мені кімге тастап кеттің?! Мені неге ала кетпедің, менің қаңғырып қалғаным ба? Менің шынымен сорлы,шынымен жетім болғаным ба?" [2;213б], - деп дауыс салып жылауы-оның ішкі күйініші, жалғыздықтан жапа шеккен айқайы еді.

Бұл әңгімеде психологиялық бейнелеудің бір түрі-түс көру тәсілі кездеседі. Бұл тәсіл арқылы кейіпкердің ішкі өмірі беріледі. Түсінде әке-шешесінің:"- Біз тіріліп келдік енді өлмейміз... Сен қорғансыз емессің, сен жыламайсың, сенің көз жасын бізді қайта алып келді..." [2;218б], деген сөздері бала санасындағы арманның сәулесі еді.Бірақ бұл тек түс еді, осыдан кейін жетімдік өзінің нағыз бейнесін танытып, қатал тағдыр Қасымды мықты қолымен қатты ұстады. Әжесі өткен соң, Қасым өзінің "жақыны" Иса деген ағайынының қолында болады. Ауылда ешбір адамнан мейірім көрмеген, ағайынынан тек соққы алып өскен Қасымның мінезі мұздай болып қатып, қаны бұзыла бастады.Жалғыздықпен дос болып жүрген Қасымның ойын автор былай сипаттайды: « Қазіргі Қасымның ойы, енді баратын

қорған жоқ болғандықтан сол қораға барып, сол маңайда қалған жатақтарға жетіп, тау бөктеріндегі әке-шешелерінің басына барып, қабырын құшақтап жылау еді.» Жетімдік қайғысымен жан ұшырып келе жатқан Қасым алдынан кездескен даланың жынынан бір елі қалмай, соңынан ерді. Одан арғы Қасымның тағдыры Ғазизаның тағдырын қайталайды "Қорғансыз күніндегі" Аяз- Ажал дүние - кенестікті дүлей дауылға толтырып "Ғазизаны жетектей жөнелсе ол "Жетімде" күшейіп Адам образына енеді. Алдында тісі аксиган, ұзын бойлы, қолында ұзын қара пышағы бар қара кісі" болып өлестейді.

Бір қызығы автор барлық жағдай осы боранды адамға, тіршілік тағдырына қарсы күш ретінде көрсетеді. Әуезов шығармаларындағы Аяз кейіпкер кейпіндегі Ажал- Адам образының толық қанды кейіпкер дәрежесіне жеткендегі, оның іс-қималдары да адам әрекетін жасайтындығын көрсетеді. Оған жазушының алғашқы жылдардағы әңгімелері толық дәлел бола алады. Мысалы, "Қысты күнгі дала" атты әңгімесінде : "Қалың қарды жамылған ақ дала. Айналада көз тоқтатарлық бұдыр жоқ . Ақ кебеге орнаған дүние ұзақ батқандай, өлім тыныштығындай зор тыныштық басында ұйықтатып тұрғанға ұқсайды. Тіршіліктің бір белгісі білінбейді. Көзге түсетін жан иесі жоқ. Жер жүзін тымсыл буғандай, ызғарлы қар, суық аяз тас қылып қатырғандай..." деген жолдар бар. Автор барлық жағдайда аязды "тірілтіп" адами кейіпте көз алдымызға елестетеді.

Осы Ажал-Адам қаршадай баланы бауырына қысып, тағы да тастай молаға қарай келеді. Тіпті асыққаны сондай "Қасымға әмірлі дауыспен ақырып:

- Артымнан еріп жүр, әлсіз дененің шаршап талғанына қарама! Аяғына кірген тікенге, жырған тасқа қарама! Өліп қалсаң да артымнан еріп отыр " - дейді. Әлсіз жетімнің жан ұшыра " - Ағатай, жетіммін...",-дегеніне де қарамады. Міне, Ажал-Адам жас баланы жалмауызша жұтқанша көрген қорлығын, қорқынышын, жол бойғы тартқан жан азабын, өз тағдырына қарсы қайсарлы т.б. санамен, бет-жүздегі физиологиялық өзгерістер мен психологиялық процестерді жазушы табиғатпен табыстыра, яғни психологиялық параллелизм арқылы бейнелей ашады.[1]

М.Әуезовтің «Қаралы сұлу» әңгімесі адам психологиясының неше түрлі құбылыстары мен қалтарыстарын, адамның жан сезімімен қоса тән сезімінің де құбылмалы сырларын ашуға арналған. Шығарма «Алты жыл қаралы, қайғылы алты жыл өтті. Әрбірі бір-бір өмірдей сарылған ұзақ. Қара жел үзілмей соққан күздің суық күніндей қуарған жүдеу жылдар... Содан бері Қарагөз тор бұлбылындай, бұл төсектің иесі»-деп басталады. Әңгіме қаралы жаулық салынған отыз екі жасар Қарагөз жайында. Алғашында бірінші әйелінен айырылған Әзімхан ұзын бойлы, қынай белді, толқынды қара шашы бар тұңғиық сұлу қара көзді Қарагөзбен қосылады. Бірақ, Қоңыртау еліндегі Сыбанбай Қарагөздей жесірін оңай жіберер емес. Кейін ел ішіндегі жесір дауы басылғанмен, Әзімхан жаумен ұрыста қайтыс болады. Қарагөз болса: « "Жалғыз біткен бәйтеректей" арманда өткен "алғанын" қайғылы сұлу "алтын терек-арысым"» деп, жоқтап қала берді. Оның ендігі жалғыз жұбанышы Мұқаш болатын. Басында Әзімханды бәрі жоқтап шығарып салғанымен, кейін Әзімханды ұмытпаған, бұл қайғыдан арыла алмаған тек Қарагөз еді. Қара жамылған әйелдің мұндай ауыр жағдайын автор былай баяндайды: «Жас әйелдің бұл түндері көр азабындай қинау түні... Үй іші қараңғыланып, бұл төсекке жатқанда, әлдеғандай жыланша иірілген сезім толқындары тамыр-тамырын қуалап, өне бойын билеп кететін. Тістеніп, шыдап, "құтылар ма екем" деп, дұға оқыса да, сол жыландар ауыр басып, ақырындап жылжып келіп, ақ төсіне оралып, ақ тамағынан сүйіп, барлық денесін шыдамынан айырып, ысытып, дірілдетіп жіберуші еді.» Жазушы осылай қаралы Қарагөздің бойын билеген ауыр ой мен жылан сезімді бейнелейді. "Өттең, қара жыландай нәпсі!.. Не күйге ұшыратасың?"-деп, жазушы Қарагөздің бойын билеп алған ойын жеткізеді. Сонымен қатар, қаралы сұлудың ішіндегі сезімге "қара жылан" деп ат қойғанын, сол қара жыланның кесірінен азапты өмір сүріп жатқандығын жазады. Осы бір маза бермейтін ойды М.Әуезов Қарагөздің сөзімен былайша баяндайды: "бұл екі жылдан бері бүйтіп қинаған соқты... Өлі де қайта айналып соққаны шығар. Өлейін-өлсем де шыдайын!.." Бірақ, әңгіме Қарагөздің ішіндегі жыландардың қуана ойнақ салуымен аяқталады.

М.Әуезовтің тағы бір әңгімесі-«Кінәмшіл бойжеткен». Бұл әңгімеде Ғайша есімді сұлу

қыз жайы, оның ұнатқан жігіттері мен Ғаббастан алданып қалғаны жазылады. Автор шығармада Ғайшаның Ғаббасты күткендегі сезімін, толғанысын оқырманға: «Жас жігіт қайтып қана кешігеді? Таныс болғаны анада ғана...Неге ол тынымсыз келіп, мазасын кетірмейді? Әлде бұл да суынған жансыз ба? Әлде бұл да қызыл гүлді жұлып алғанша ғана қызығып, алған соң, бір-ақ иіскеп тастай ма?.. Әттең қазақтың салқын көңіл жігіті-ай!»-деп, сұрақтар арқылы Ғайшаның ойын баяндайды. Осыны ойлап отырғанда Ғайшаға мынадай бір ой келді. «Ол ой: әлде сол күнә сұмдығымнан ба? Солар үшін бұл күйге ұшырадым ғой. Әйтпесе қазақтың талай қара қызы теңін тауып кетіп жатыр. Мен әрі оқығанмын, әрі бәрінен артықпын. Неге әлі күнге менде күйеу жоқ? Өң ескіріп барады. Жылдан-жылға өтіп келеді. Алдақашан мен үй иесі болуым керек. Мен қартаймақпын ба? Кәрі қыз болам ба?»-дегенде Ғайша бұл ойдың пішінінен шошып кеткендей болды»-дейді. Бұдан біз Ғайшаның жалғыз болғанына, әлі де теңін таппағанына алаңдап жүргенін және сол үшін өзін кінәләп жатқандығын да байқаймыз.

Шығармаларды талдай отырып, біз М.Әуезовтің әңгімелерінің терең психологизмге құрылғанын байқаймыз. Жазушы әңгімелерінде кейіпкерлердің ішкі жан-дүниесін толық ашып бергенін айта аламыз. Ол әр әңгімеде өзгеше беріледі. Бір әңгімеде кейіпкерлер өз ойларын ашық айтып жатса, енді бірінде автор сұрақтар арқылы кейіпкердің ойын, ішкі сезімін жеткізеді. Осы арқылы біз жазушының әңгімелеріндегі кейіпкерлердің бастан өткен жағдайларын түсініп, олар өткерген сезімді біз де сезіне алатын жағдайда боламыз. Бұл жазушының өзіне тән ерекшелігі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://referat.int.kz/kazakedebieti/2542-korkem-proza.html>
2. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. - Алматы, 1979.

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЗМ

Халилина Әйгерім Аманжанқызы

Түктібаева Ақниет Русланқызы

[Akniет_010@mail.ru](mailto:Akniet_010@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
филология факультеті «5В020500» - Филология: қазақ филологиясы
мамандығының студенттері, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Үсен А.Ә.

Қазақ әдебиетінің проза саласында есімі ойып орын алатын сөз зергері Б.Майлиннің қай шығармасын алсақ та, ол - шоқтығы биік, алтын жақұт. Бұл шығармалар - көркемдігі жағынан асыл әрі тәрбиелік мәні жағынан құнды қазына. Жазушы шығармаларының шың басында тұратын кейіпкерлері арқылы оқырман санасына шынайы өмірден көрініс сыйлап, жан дүниесіне түрлі мінездері арқылы реалистік көзқарас қалыптастырды. Кейіпкерлердің ойлау жүйесі, өмірге көзқарасы, ішкі сезімдері мен олардың психологиясы, күйініші мен қуанышы т.с.с. қалыптарын шығармаға өзек етіп, сабақтастыра алуы – жазушының құдіреті. Шығарманы оқып отырған әрбір оқырман кейіпкерлермен қоса түрлі эмоциялық жай-күй мен сезім иірімдерін бастан кешеді. Бұл - шынайы құбылыс. Шынайы құбылыстың шығармада орын алуы, біріншіден, оның реалистік қоғаммен байланысты болуы; екіншіден, әдебиеттегі түрлі әдіс-тәсілдердің жазушы қолданысында ерекше күймен берілуі. Сөзімізге дәлел келтіру мақсатымен, екінші дерегіміздің сырын ашып көрелік. Осы тұста есімізге «психологизм» ұғымы түседі. «Психологизм» дегеніміз не? Көркем әдебиетте психологизм ұғымы көбіне кейіпкердің жан толғанысы мен көңіл-күйіне байланысты. Ал адам психологиясының толық қырын оқырманға ашып, суреттеп көрсету - жазушы шеберлігі. Ғалым Б. Майтанов «Қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізу амал-тәсілдерінің